

«Бану Түркеш» бөбекжай балабақшасы.

Ортаңғы «Батақан» тобының «Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілік сценарийі.

Тәрбиеші: Оңғар Жанерке Алтынбекқызы

Балалар залға қол ұстасып ән ырғағымен кіреді.

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, балалар, қонақтар! Сіздерді жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт береке, ырыс алып келсін!

Жаңа жылдың таңы неткен арайлы.

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы !

Батақан тобының балаларының орындауымен «Жаңа жыл, жаңа жыл, жаңа жылда жаңа жыр» атты әнімен ертеңгілігімізді бастаймыз. Ортада балалар хормен ән.

Тәрбиеші: Балалар бізге алыстан келген қонақтарымызды ортаға шақырсақ.

Қәнекей, ендеше бәріміз бірге Аяз атамызбен Ақшақарымызды шақырайық.

Аяз ата, Ақшақар, Аяз ата, Ақшақар...

Ортаға ұлу мен қоян кіреді. Қош келдіңіздер сіздер де біздің балалардың өнерін бізбен бірге тамашалаңыздар.

Балалардың тақпағына кезек берсек.

Тақпақтар.

Алинұр Өз тақпағы

Көрдiң бе Аяз атаны

Аппақ екен сақалы.

Аппақ екен мұрты да

Аппақ екен шапаны

Жансезiм Әдемілеп бiз iлген,

Ойыншықтар тiзiлген

Қандай жақсы шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Медина Жаңа жыл, Жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр.

Айқын Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып

Келдi алыс сапардан

Аяз ата оранып.

Аруназ Аяз ата кел кел,

Бiзге силық ала кел

Келмесеңiз болмайды

Мына шырша жанбайды

Мариям Шанамызға мiнеміз,

Мәз –мәйрам боп күлеміз

Жарасамыз бәрiмiз Жарасып тұр сәнiмiз

Тәрбиеші . Балалар сыртта бір дауыстар естіліп жатыр. Аяз ата мен Ақшақар келген сияқты. Кәнекей бәріміз бірге шақырсақ.

Балалар. Аяз ата Ақшақар.

Ортаға Аяз ата мен Ақшақар, жылан кіреді.

Аяз ата.

Құтты болсын, балалар

Келген жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер

Еркелеп қыз, ұлдарым

Өткен жылы келіп ем

Бәріңді де көріп ем

Жыл өткізіп келем деп

Уәдемді беріп ем

Ойларың мен бойларың да

Бірдей өсіп қалдыңдар ма

Ал, мен кіммін айтыңдаршы

Мені тани алдыңдар ма

Балалар. Аяз ата, Ақшақар.

Тәрбиеші. Балалар бізге жыл басы жылан да келіпті.

Сіздер алыс жолдан келдіңіздер, тынығып біздің балалардың өнерін тамашалаңыздар.

Келесі кезекте қыздардың өнерін тамашалаңыздар.

Би.Жингл белс.

Ақшақармын арайлы
Жалт-жұлт еткен жүзімнен
Күміс сәуле тарайды
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнімін, жырмын, тақпақпын.

Жүргізуші.

Қош келдіңіздер, баршаңызда,
Алыс жолдан келдіңіздер
Әсем әнде,биде бар
Отыр ата, сәл демал!
Аяз ата мен Ақшақар сіздерге арналған ұлдарымыздың биін
тамашаласақ!
Ақшақармен бір ойын

Жүргізуші: Балаларымызбен бірге билесеңіздер

Жүргізуші. Балалар Аяз ата мен Ақшақар Бізге сыйлық ала келіпті.
Балаларымызға сыйлықтарыңызды тарту етсеңіздер.

Аяз ата. Жарайсыңдар балаларым!

Мені бүгін бір қуантып
Алыс жерден шаршап келгенде
Көңілімді бір көтердіңдер
Барлықтарыңда ақылды
Білімді де өнерлі екенсіңдер

Киген киімдерің де қандай әдемі.

Біздің сыйлығымызға риза болыңдар

Ал енді біз жолға шығайық

Басқа да балалардың

Өнерін тамашалайық

Қош болыңдар

Сау болыңдар!-, деп шығып кетеді.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар , балалар

«Қош келдің жаңа жыл» атты мерекеміз осымен аяқталды. Осындай керемет өтуге ат салысып жүрген ата-аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс. Көріп тамашалағандарыңызға рақмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш алып келсін.

,

БЕКІТЕМІН:

ЖШС «Бану-Түркеш» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
Б.С. Умирзакова



«Бану Түркеш» бөбекжай балабақшасы.

Ортаңғы «Ботақан» тобының

«Қош келдің, Жаңа жыл» атты ертеңгілік